

№

Педагогикалық жөндеүлөө қаралды
Бектемісова Е.А. Куюшева
Мектеп директоры



Келесілдік: В.Д. Сейдханов
Аудандық білім облыстық басшысы

10.09.2021



«Қарлығаш» шағын орталығы ортаңғы топ

Тақырыбы:
«Шебер қолдар»
(Вариативтік компоненті)

Орындауды: Бекенова Е.А.
«Қарлығаш» шо тәрбиешісі
Ә/Б отырысында қаралды Утешова Ж.Б.
ӘБ жетекшісі

Хаттама №1 «27 08 2021ж.

Тексерілді: Каршығин Ә.К. Қаршығин.
Оку ісінің менгерушісі

Түсінік хат

«Шебер қолдар» бағдарламаның жүктемесі аптасына 1 рет өткізіледі. Барлығы 36 сағат. Мектепке дейінгі кезең – жарқын әрі адам өміріндегі қайталанбас кезең. Дәл осы кезенде балаларда тұрмыстық оргамен, адамдар әлемімен, табиғатпен, заттар әлемімен байланыс жүргізіледі. Білуге құмарлығы дамиды, шығармашылық қызығушылықтары пайда болады. Ең қызықты қөркемдік-эстетикалық бағыттың бір түрі қағаздардан бұйымдар құрастыру. Қағазбен жұмыс істеу барысында маңызды білгіштер қасиеттер, сонымен қатар шығармашылық таланттарының іргетасы қаланады.

«Шебер қолдар» бағдарлама бөлімнің мазмұны балаларда қағазбен жұмыс жасау барысында басқа да іс-әрекеттің түрлерімен байланыс жасау арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды деп болжайды.

Бағдарламаның бөлімдерін жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттерді дамытуға қажетті құралдарды таңдап алуға, жақсы нәтиже қорсетуге деген талпыныс, менгерілген қабілеттерді еркін пайдалану, қағаздардан құрастыру арқылы түрлі бұйымдар жасау сияқты қабілеттер пайда болады.

Қағаздардан бұйымдар жасаудың ең маңызды мақсатының бірі баланың жеке тұлға болып қалыптасуы, оның икемділігімен шығармашылық қабілеті, зиялыштың дамыту. Шеберлікке үйрету балалардың табиғи өзіндік қабылдауын жоймайды. Қағаздан құрастыру үрдісі арқылы балаларда жалпылай ойлау, қөркемдік талғам, жинақылық дамиды. Қағаздан құрастыру іс-әрекеті баланың көңілін шоғырландырады себебі бұйым жасау үрдісінде ойлауға, ауызша түсіндіргенді қабылдауға сонымен қатар есте сақтау қабілетін жақсартады.

Қағаздан құрастыру барысында балалар бүктеу, қиу, желімдеу сияқты жұмыстың түрлерімен танысады. Балаларда қолмен жұмыс жасау, нақты қозғалыстарға саусақтарды үйрету, көз өлшемдерін дамытады. Бұйым жасау үрдісі барысында тұс, пішін, көлемдерді бір-бірінен айыра білуге үйренеді. Қағазбен жұмыс жасаудың ең маңызды сәті – балалардың өзіндік шығармашылық іс – әрекетімен байланыстыру.

Мақсаты

1. Еңбекіс-әрекетінің психикалық алғышартын қалыптастыру.
2. Нәтижеге деген қызығушылық және соған деген мақтаныш сезімін ояту, сапасының жақсы болуына талпындыру.
3. Қарапайым қағазбен жұмыс жасау арқылы интеллектуалды және эстетикалық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері

1. Қағазбен түрлі жұмыс жасауды үйрету;
2. Балаларды негізгі геометриялық түсініктермен: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, бұрыш, биіктік сияқты түсініктермен таныстыру;
3. Қағаздан түрлі композициялық бұйымдар жасау;
4. Есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауларын дамыту;
5. Көз және қол өлшемдерін дамыту;
6. Көркемдік талғамдарын шығармашылық қиялдарын дамыту;

Күтілетін нәтижелер:

1. қағазбен жұмыс жасаудың түрлерімен танысады;
2. ауызша түсіндіргенді қабылдай білуді үйренеді;
3. қағаздан түрлі композициялық бұйымдар жасай алады үйренеді;
4. есте сақтау, ойлау қабілеттері жақсарады;
5. көз және қол өлшемдеріне үйренеді;
6. көркемдік талғам шығармашылық қиялдары жақсарады;
7. жұмыс жасаудың түрлі техникаларымен танысады;

Ақпараттық –әдітемелік бөлім

«Шебер қолдар» бағдарламасы балалардың қолдарының икемділігін дамыту, ойлау қабілеттерін шындаі түсү. Балаларға бағыт бағдар бере отырыш, өз бетінше жұмыс жасауды қалыптасады. Балалардың кызығушылығын оятатындаі әдістерді пайдалану. Ертегілердің кейіпкерлерін пайдалану оларды сөйлете отырып жұмыс жасау. Балаларды жұмыс жасап отырып сол затка деген көзқарасын қалыптастыру, ойлау, сөйлеу дағдыларын кенейту.

Оқыту формалары:

- 1.әңгіме, әңгімелесу, ертегі;
- 2.көрнекіліктерді қарau;
- 3.жұмыстың орындалу кезеңдерін көрсету үлгілері

«Шебер қолдар» вариативтик жоспар.

Тақырыбы	Максаты	Сағат саны
«Қағаздардың сиқырлы қасиеті»	Балаларды қағаздардың қасиетімен таныстыру. Қағаздардың түрлері және олардың ақты бұйымдар жасауға пайдалануға болатыны жайлыштандыру	1
«Көлемді мұсіндердің қайшымен оңай қиып алу»	Балаларды көлемді фигуralарды бүктеу әдісі арқылы жасау туралы ережелермен таныстыру.	1
«Төртбұрыш ертеңісі»	Қағаздан жасалған бұйымдармен таныстыру. Бүктеудің түрлерін көрсету, бүктеу сзықтарын, бұрыштарын табуға үйрету. Геометриялық фигуralар туралы білімдерін бекіту.	1
«Көнілді үшбұрыш»	Қарама-қарсы бұрыштарын қосу арқылы балаларға төртбұрыштан үшбұрыш жасауға үйрету.	1
Қарама-қарсы бұрыштарын қосу арқылы балаларға төртбұрыштан үшбұрыш жасауға үйрету.	Геометриялық фигуralар туралы білімдерін бекіту, қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздігімен таныстыру. Түсіндіріп болғаннан кейін өз беттерімен санырауқұлақ жасауды ұсыну.	1
«Піскен алма»	Жемістермен олардың пішіндері жайлыштандыру. Төртбұрыштың тен ортасын табуға, шенбер жасай отырып бұрыштарды бір бағытта бүктеуге үйрету.	1
«Стакан»	Бүктеу әдістері арқылы стакан жасауға үйрету, байқағыштық қабілеттің дамыту Стакан суретін пайдалану.	1
«Кеме»	Үшбұрыштан алған білімдерін еске түсіру. Балаларды үшбұрыштардың бұрыштарын майыстыруды еске түсіру. Бұйымдарды безендіру барысында көркемдік талғамдарын дамыту. Үлестирмелі қызықты материалдар.	1
«Қағаздан жасалған бантик»	Ашық хаттарды безендіру үшін қағаздан үлкен бантик жасау, қайшымен дұрыс жұмыс жасауды үйрету. Алын ала дайындаған ашық хаттар.	1
«Белгі»	Балаларды кәмпитеттің формасымен таныстыру, кәмпитеттің қағаздарын жинап, жапсырып белгі жасау. Ойлау қабілеттерін, шығармашылығын, еңбексүйгіштігін.	1

	өтілген техникалар бойынша жұмыс жасау, оригами. Кірпі суреттері	1
«Кеме»	Қигаш сзықтары арқылы текшені бүктеу және бұрышын бүктелген сзық арқылы сыртқа шығару. Кеме суреттері	1
« Сиқырлы құс»	Топпен жұмыс жасау қағаздан симметриялы фигуralар жасау білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әр түрлі құстар суреттері	1
«Көбелек»	Төртбұрыштан үшбұрыш жасау білімдерін бекіту. Бұйымдарды шығармашылық әсемдеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Көбелек бейнесі	1
«Каз»	Балаларды бесбұрыштан қаз жасауға, бұрыштарын ортасына бүктеуге үйрету. Байқағыштығын дамыту, желіммен ұқыпты жұмыс істеуге үйрету. Ертегі кітаптар суреттер	1
«Зырылдауық»	қағаздан зырылдауық жасауды үйрету, серуенде жүргендеге желді бақылау, өз бетімен бұйымдар жасауға тәрбиелеу. Зырылдауық және сурет	1
«Тоты құс»	Балаларды бүрмелі қағазбен таныстыру, қағазды еki және үш рет тен бүктеу, жиектерін қиу. Құстардың суреттері таратпалы материалдар.	1
«Жеті түсті гүл»	Өз бетімен жұмыс жасауға үйрету, гүл бөлімдерінің атауларын бекіту, өз бетімен жұмыс жасауға ынталандыру. Мақсаттылық, көркемдік талғамын дамыт. Гүлдердің бөлшектері	1
«Кеме»	Үшбұрыштан алған білімдерін еске түсіру. Балаларды үшбұрыштардың бұрыштарын майыстыруды еске түсіру. Бұйымдарды безендіру барысында көркемдік талғамдарын дамыту. Кеме суреттер	1
“Жалын құс”	Қағаздан симметриялық заттарды қиып алу дағдыларын бекіту, шығармашылық қабілеттерін кеңейту Суреттер видиороликтер	1
«Ұшақ»	Төртбұрыштан әдемілеп үшбұрыш жасау дағдыларын дамыту, бұрыштарын қарама-қарсы жағына қарай бүктеу. Кішкене ойыншық ұшақ	1
«Балапан»	Балапанның бөлшектерін қиып алыу. Оларды атай білуге үйрету өз бетінше жұмыс жасап үйрену. Суреттер мен балапан ойыншықтар	1
«Қолшатыр»	Түрлі түсті қағаздан қолшатыр жасау. Серуен кезінде өз жасаған енбектерін қызығушылықтарын ояту мақсатында пайдалану. Кунделікті пайдаланатын қолшатыр	1

«Балабақша»	Балабақша бейнесін жасау. Әр түрлі қағаздарды пайдалану. Балалар өз қиялындағы балабақшаны жасап шығу. Балабақшаның бейнесі	1
-------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---

Колданылған әдебиет:

- Бейнелеу өнері. Әліппе дәптері. Қ.Т. Байғабылова, F.T. Момынәлиева, Д.Ж. Мамырбаева, Е.В. Козлова
- «Удивительная бумага» И. Черныш
- «Оригами для малышей» И.А. Коротеев
- «100 поделок из бумаги» Г.И. Долженко
- «Поделки из природных материалов» Ф.Т. Филенко